

## АКАДЕМИК Ш.Е.ЕСЕНОВ – ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ БІРІ

**Керимов Б.К.**

*В статье рассматривается научная и организаторская деятельность видного ученого, общественного и государственного деятеля, академика Ш.Е.Есенова. В памяти учеников и коллег он навсегда остался как скромный, интеллигентный ученый, организатор науки и руководитель.*

*In clause the scientific and organizing activity of the outstanding scientific, public and state figure, academician Sh.E.Esenov is considered (examined). In memory of the schoolboys and colleagues he for ever has remained as modest, cultured scientific, organizer of a science and chief.*

1967 жылы ақпанда Ш.Е.Есенов Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі болып сайланып, Қазақстан Ғылым академиясының Президенті және онымен қоса Қ.И.Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының директоры болып тағайындалды [1]. Ш.Е.Есенов өзіне тән энергиямен, қатаң талап қоя білуімен, жан-жақты ғылыми білімділігімен, инициативасымен және кадрларды ұйымдастыру қабілетімен бұрынғы қызметтерімен салыстырғанда сәл ерекшеліктері бар, сырт көзге қарағанда тұйықтау көрінетін ғылым әлеміне еркін араласып кетті. Аса білімді және қабілетті басшы ретінде ол аз уақыттың ішінде көпшіліктің құрметіне бөленіп, республика ғылым академиясының көп қырлы жұмыстарының ғылыми проблемаларын шешуде іскерлік танытып, халық шаруашылығының өркендеуіне тікелей ықпал жасады.

1967 жылы қарашада болған Қазақ КСР-і Ғылым академиясының мерейтойлық жалпы жиналысында президент Қазақстанда ғылымның дамуы жайында баяндама жасап, онда республика ғалымдарының қол жеткен табыстарын қорытындылай келіп, Академия жұмысындағы кемшіліктерді де сынға алды және оларды тез арада жоюдың шараларын ұсынды. 1967 жылы Академияда ғылыми-ұйымдастырушылық біршама жанданғаны байқалды [2].

Бұдан кейін ғылыми мекемелердің басшылары, орталық басқару аппараты қатал талапты және айқын басшылықты, өз жұмыс-қызметтерінің президент назарында екенін әрдайым сезінді. Осының бәрі барлық ғылыми бөлімшелердің жұмыстарына жаңа дем берді және ғалымдарын белсенді жұмыс атқаруға жұмылдырды. Ғылыми жұмыстарды жоспарлау біршама жақсарды, кешенді атқарылатын ғылыми жұмыстар артты, әсіресе жаңа өндіріс түрлері дамыған ауданды игерумен байланысты жүргізілген ғылыми жұмыстар түрлері, өндіріске енгізілген ғылыми жұмыстар артып, олардың тиімділігі өсті, ғылыми институттарды, лабораторияларды жаңа приборлармен жабдықтау мәселесі дұрыс шешімін тауып, ғылыми жұмыстардың, тексерулердің деңгейі артты, ғылыми кадрларды дайындау және оларды пайдалану жолдары дұрыс жолға қойылып, жас ғалымдардың жемісті еңбек етуіне жақсы жағдайлар жасалды. Президент күнделікті жұмысында негізінен Қазақ КСР Ғылым академиясының Президиумы дайындаған және бекіткен алдағы бесжылдыққа /1971-1975/ арналған ғылыми жұмыстарды негізгі басшылыққа алып отырған. Осы кезеңде Академия тарихында алғаш рет Қазақстанның халық шаруашылығын дамытуға арналған ұсыныстардың негізі жасалған болатын, онда

Президенттің инициативасы бойынша жаңа аймақтарда геологиялық-барлау жұмыстарында, тау-кен өндірістерінде прогрессивті технологияны енгізу, қара және түсті металлургияны жандандыру, химия өндірісін, машина жасау, тамақ өндірісі, ауылшаруашылығын өркендету мәселелерінің айқындалған жоспары көрсетілген [3].

Ғылым академиясының республика халық шаруашылығын 1971-1975 жылдар аралығында дамыту бағытында арналған ұсынысы басшы органдарда мақұлданып, жаңа бесжылдықтың жоспарында ол мәселеге айрықша мән берілді. Президент республикамыздағы барлық ғылыми жұмыстар мен ізденістерді үйлестіріп отыратын ғылыми кеңестерге айрықша мән беріп отырды. 29 ғылыми кеңестердің жұмыстарымен танысу және талдау негізінде ол көптеген ғылыми кеңестердің жұмыстарын біршама жандандыруға ықпал жасады, жұмыс бабында жіберілген кемшіліктерді көрсетіп, жұмысқа қабілеті жоқтарын мүлде тарқатып, жетістіктері бар ғылыми кеңестер жұмысына ерекше қолдау көрсетті. 1968 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы жалпы Президиумының көптеген мүшелерін қайтадан сайлап және 17 ғылыми мекемелердің директорларын қайта бекітті. 1970 жыл – Академия ұжымы үшін қажырлы еңбектің және өзгерістердің бұрын-соңды болмаған өрлеуі болды. Ғылым академиясының жаңа мүшелері – Қазақстан ғылымының 3 академигі, 21 корреспондент мүшесі сайланды, жаңа институттар құрылды [4]. Жоғарғы энергия физикасы, Гидрогеология және гидрофизика, сейсмология институттары, Металлургия және байыту, Астрофизика институттарында, Бас ботаника бағында жаңа бөлімдер мен лабораториялар ашылды. Қазақстанның Ғылым академиясы бұрынғыдан да нығая түсті, ғылымның көптеген бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жоғары деңгейде кадрлар дайындау күрт өсті. Тек бір ғана 1970 жылы ғылымның әр саласы бойынша 22 докторлық диссертация қорғалды. Академияның басты проблемалары да президент назарынан тыс қалған жоқ: күрделі құрылыстар салу және ғылыми мекемелерді бүгінгі өмір талабына сай құрылғы, аспаптармен жабдықтау т.б. Металлургия және байыту институтының үйі іске қосылды, 45 және 35 пәтерлік тұрғын үйлер салынып, моносфера станциясына баратын автомобиль жолдары, т.с.с. объектілер пайдалануға берілді. Академия Президиумы мәжілісінде аяқталған аса ірі кешенді әсіресе геология, металлогения Успен кенді белдеуі бойында қалыптасқан кен орындарының келешегі және оларды игеру мәселелері күн тәртібіне қойылып жан-жақты талқыланып отырды. Успен белдеуі бойында жүргізілген ғылыми жұмыстар жеті томдық еңбек болып жарық көріп, ғалымдар мен өндіріс мамандарының жоғары бағасын алды, ал оның авторларының бірі есебінде Ш.Есенов басқа да ғалымдар мен өндіріс мамандары арасында 1972 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды [5].

Қазақ КСР Ғылым академиясының алдағы 25 жылдық мерейтойына арналған дайындық жұмыстарына да Ш.Е.Есенов басшылық етті. Ғылым академиясының ғалымдарын тақырыптық жоспардағы ғылыми жұмыстарды белгіленген мерзімінен бұрын және тиімділікпен орындауға жұмылдырды, ғылым мен техника жетістіктерін республика еңбекшілері арасында насихаттауға белсене араласуға шақырды.

Ғалымдардың үздік жұмыстары мерекелік басылымдардың жоспарларына кіргізілді, ғалымдардың ғылыми жетістіктерінен КСРО және Қазақ КСР ХШЖ көрмесіне қойылды. Академияның жетекші ғалымдары «Білім» қоғамы тарапынан дәрістер оқып, Ғылым академиясы жетістіктерін насихаттады. Мәскеуде өтетін

Қазақстан ғылымының күндеріне жан-жақты дайындықтар жүргізілді, онда «Қазақ КСР ғылымы бүгінде» атты көрме ұйымдастырылып көпшілік назарына қойылды. Көрмеде қазақ халқының тарихы, оның мәдени даму жолдары, ғылымы және қолөнері, ғылым академиясы институттары ғылыми зерттеулерінің негізгі жетістіктері, олардың тиімділігі көрсетілді. Бұған дейін Ш.Е.Есеновтың «Қазақстан ғылымы мен ғалымдары» атты еңбегі басылып шыққан болатын.

Ол аса ірі бірнеше конференциялар мен симпозиумдарды дайындау және өткізуге байланысты ұйымдастырушылық жұмыстарына да белсене араласты. Солардың ішінде аса ірі халықаралық Африка , АҚШ және Латын Америкасы елдерінің қатыстырылуымен өткен симпозиумның мәнін ерекше атаған жөн.

1971 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы өзінің құрылғанына 25 жыл толуын тойлап атап өтті. Қазақ КСР Ғылым академиясының мерейтойлық жалпы жиналысында президент Ш.Е.Есенов «Қазақстанның ғылым академиясы – республиканың ғылыми орталығы» деген тақырыпта баяндама жасады [6]. Сессия жұмысына Қазақстанның үкімет басшылары, КСРО Ғылым академиясының президенті академик М.В.Келдыш, академиктер В.И.Смирнов, А.Л.Яншин сол сияқты одақтас республикалар Ғылым академиясының көптеген делегациялары қатысты. Қазақ КСР Ғылым академиясының аса ірі ғылыми жетістіктері үшін және оның 25 жылдық торқалы тойына байланысты 1971 жылдың маусымында Ш.Е.Есенов екінші рет Ленин орденімен наградталды.

Мерейтой жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы өзінің 25 жылдық қызметінің нәтижесін қорытындылап және ғылыми зерттеу жұмыстарының келешекте даму бағытын айқындады. 700-ден астам ғалымдар республика ғылым академиясының қол жеткен жетістіктері және халық шаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогрестің даму жолдары жайында 2800 дәрістер оқыды. 1972 жылы 23 ақпанда Қазақстанның Ғылым академиясының Жалпы жиналысының сессиясы өткізіліп, онда ғылыми-техникалық прогресс және республика ғалымдары алдындағы кезекті мәселелер талқыланды. Сессия жұмысына республика басшылары, КСРО және Қазақстан ғылым академияларының ғалымдары, КСРО және Қазақ КСР министрліктерінің ірі өндірістің басшылары қатысты. 1972 жылы 24 ақпанда болған Қазақ КСР Ғылым академиясының Жалпы жиналысының сессиясы Ш.Е.Есеновті бір ауыздан Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті етіп жаңа мерзімге сайлады [7].

Қазақ КСР Ғылым академиясының 1972 жылғы 30 наурызда болған жылдық жиналысында сессия 5 академик, 15 мүше-корреспондент, вице-президенттерді және Ғылым академиясының Президиумы мүшелерін сайлады. Осы жылы Ш.Е.Есенов Канадада өткен Халықаралық геологиялық конгреске қатысты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің парламенті делегациясының құрамында Данияға барып қайтты. 11-15 қазанда Қазақ КСР Ғылым академиясында КСРО-ның 50 жылдығына арналған Республикалар аралық Қазақстан және Орта Азия республикалары ғылым академияларының ғылыми-теориялық конференциялары өткізілді.

1972 жылы Қазақ КСР-нің ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлық бойынша комитет ұйымдастырылды. Ол комитеттің басшысы болып Ш.Е.Есенов тағайындалды. Сол жылдың желтоқсан айында КСРО-ның құрылғанына 50 жыл толуына байланысты Комитет Ғылым академиясының 4 жұмысына Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығын берді.

1973 жылы академиктер Ш.Е.Есенов пен А.К.Каюповтың инициативасы бойынша Қазақстанның барлық территориясында геологиялық және металлогениялық қорытындылар жасау және орта масштабты қорытындылау болжам карталарын жасау күрделі жұмыстары басталды. Оған Геологиялық ғылымдар институтының барлық бөлімшелерінен ғылыми қызметкерлер қатысты, Москвадан ғалымдар және өндіріс мекемелерінен бірқатар геологтар үлес қосты. Бұл орасан күрделі жұмыс он жылға созылып, 1984 жылы аяқталды. Оның нәтижесінде көптеген металлогениялық болжам карталары және «Қазақстан металлогениясы» атаулы он бір томдық монография сериясы баспадан шықты.

Ш.Е.Есенов бұл кітаптардың 1977 жылы шыққан бірінші томында ғана редакция алқасына кірді. Жұмыстың қорытындысы Москвада КСРО Ғылым академиясында талқыланып, өте жоғары бағаланды. 1974 жылы Ш.Е.Есенов Қазақ КСР-нің геология министрі болып тағайындалды [8]. 1978 жылы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ политехникалық институтына ауысып, оның «Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу және барлау әдістемесі» кафедрасын өзінің соңғы күндеріне дейін басқарды. Бір кезде өзі қабырғасынан шыққан институтта ол жүздеген жас инженерді, болашақ жер қойнауын барлаушыларды тәрбиелеп дайындап шығарды [9].

Ш.Е.Есенов Қазақстан Республикасының академиялық ғылымының, геологиялық қызметінің дамып нығаюына ғылыми және инженерлік кадрлар дайындауда үлкен үлес қосты. Оның басшылығымен 14 кандидаттық, 5 докторлық диссертациялар қорғалды. Ол қазба байлықтар кен орындары және металлогения саласындағы көрнекті ғалым, оның қаламынан 13 монография, кітаптар, 200-ден астам ғылыми мақалалар жазылып, жарыққа шықты. Ш.Е.Есенов Қазақ КСР-і және бұрынғы КСРО-ның қоғамдық және мемлекеттік өміріне белсене қатысты. Ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат, оның төрағасының орынбасары, кейін төрағасы болып сайланды. Онымен қатар КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты және оның төрағасының орынбасары болып сайланды. Ол Қазақстан Орталық Компартиясының мүшесі, КСРО Орталық Компартиясы мүшелігіне кандидат дәрежесіне жетті. КСРО Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтары бойынша Комитеттің мүшесі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы Комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Ш.Е.Есенов өзінің жемісті ғылыми-өндірістік және ұйымдастыру еңбектері үшін екі Ленин орденімен, көптеген медальдармен және Жоғарғы Кеңестің грамоталарымен марапатталды, Лениндік сыйлықтың және Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды [10].

#### **Әдебиеттер:**

1. Вестник Академии наук Каз ССР. №3, Алма-ата, 1967, стр 28.
2. Библиография ученых Казахстана. Ш.Е.Есенов, Алматы, «Ғылым», 1997, 23 б.
3. ҚР ҒАМ. 2 қ, 1 т, 1192 іс, 537-538 б.б.
4. ҚР ҒАМ. 2 қ, 1 т, 1216 іс, 162-163 б.б.
5. Наука Казахстана. №14, 1997, стр 5.
6. Академик Ш.Е.Есенов. Алматы, 1997, стр 17.
7. Вестник Академии наук Каз ССР. №3, Алма-ата, 1972, стр 22.
8. ҚР ПМ. 708 қ, 87 т, 37 іс, 57 б.
9. Пятьдесят лет штабу геологической отрасли РК. Алматы, 2006, стр 11.
10. Вестник Академии наук Каз ССР. №8, Алма-ата, 1987, стр 69.